

Психология және адам дамуы

Психологиялық іс – әрекет

Іс – әрекет ұғымы психология саласындағы басты түсініктердің бірі.

Іс – әрекетті психикадан, оның ғылыми зерттеу методологиясынан, психиканың пайда болуы мен эволюциясынан, тұлға ұғымының түсіндірілуі мен оның психологиялық сипатының құрылым бөліктерінен ажырата қарастыру мүмкін емес. Алайда, іс – әрекет ерекше психологиялық шындық ретінде әлдеқайда тереңірек сипаттауды қажет ететін ұғым.

Әрекет ұғымын өз тұрғысынан қарастыруға барлық белгілі психологтер, көптеген әйгілі философтер мен ХХ ғасыр методологтері кірісті. Іс – әрекет категориясы бірқатар теоретикалық пікірталастардың пәніне айналып, «түсіндіру принципі» ретінде танылды. Ол психиканы, мінез – құлықты, тұлғаны зерттеу «бірліктерінің» бірі болып қалыптасты. Іс – әрекет аясындағы жетекші психологтердің көзқарастарының көптүрлігіне қарамастан, бүгінгі күнгі іс – әрекет жайлы психологиялық анықтаманы аяқталған, мінсіз деп қабылдауға болмайды.

Іс – әрекеттің әлдеқайда аяқты психологиялық тұжырымын толықтыра және түрлендіре отырып, 1940 жылдың ортасында А.Н Леонтьев жасаған. А.Н.Леонтьев бойынша іс – әрекет дегеніміз белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, мотивтерге бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік қатынасын іске асыратын белсенді процестер.

А.Н.Леонтьев адамның кез – келген белсенділігін іс - әрекет деп атаған жоқ , тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат , міндеттермен психологиялық байланыстағы, мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана іс – әрекет деді.

Іс – әрекет түсінігі

Адамның психикалық өмірінің жан – жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысуына байланысты болады. Адам өмір сүру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі бала өз психологиясын ойын арқылы білдірсе, ересек адам өзіне тән ерекшеліктерін еңбек процесінің сан алуан салаларында көрсетеді.

Әрекет дегеніміз түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс. «Әрекет дұрыс болу үшін,- дейді Әл- Фараби,- біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін... Анықтап алуға тиіспіз».

Ойын

Ойын адам әрекетінің бір түрі болғандықтан, оның да өзіне тән мотивтері болады. Мәселен, дәрігер ауру адамды емдегенде өзіне жүктелген міндетті сезінеді, осылай істеуді, оның мамандығы қажет етеді. Ал, дәрігер болып ойнаған баланы алатын болсақ, ол да айналасындағыларды өзінше «емдейді». Бірақ, бұл оның жай қызығуынан туған. Ойынның қозғаушы күші - баланың нақты тілегі мен қызығуы.

Оқу

Оқу- іс – әрекеттің негізгі саласы еңбек процесін нәтижелі орындауға қажетті білімді, дағды мен икемді жүйелі түрде меңгеру. Мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті – оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді, сонымен қатар жаңа буын оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық әрекетін, ғылым – білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп, өзін практикалық әрекетке дайындайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді. Оларды жан – жақты білуге мүмкіндік алады. Білім меңгеру – ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс.

Іс – әрекеттің психологиялық құрылымы

Іс – әрекет үш қырлы анықталады, яғни бір уақытта үш кеңістікке іске асырылып, көрініс береді, ол: тұлға (іс – әрекет субъективі), объект (іс – әрекет пәні) және ішкі праксис (түрліше белсенді процесстер).

Іс – әрекет – әлемді және өз – өзін саналы түрде өзгертетін процесте адамның немесе топтың әлеммен жасайтын өзара әрекеті. Іс – әрекет адамның дүниемен қарым – қатынас тәсілі. Адам іс – әрекет үстінде кез – келген затқа жат пиғылмен қарамайды. Керісінше осы заттың табиғаты мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, иггереді, сондай –

ақ

өз іскерлігінің өлшемі мен мәні етеді. Іс – әрекет барысында адам табиғатпен өзара әрекетте болып қана қоймайды, оны бірте – бірте өзінің материалдық және рухани мәдениетінің құрамына кіргізіді. Сыртқы дүниені өзгерту адамның өзін дамытуы

үшін

қажетті жағдай және алғышарт болып табылады. Іс – әрекет тұтас процесс қарым – қатынаспен тығыз байланыста және болашақ ұрпаққа бағытталған әлеуметтік сабақтас белсенді құбылыс болып табылады. Адамдардың іс – әрекеті әрдайым бұрын жасалған дәлелді алғышарттар мен белгілі бір қағамдық қатынастардың негізінде жүзеге асады .Сол себепті ол нақты тарихи сипатта, нақ осы әлеуметтік шындықтың өмір сүру тәсілі болып табылады.

Психикалық іс – әрекет – субъектінің объектімен өзара әрекет ету функциясын сипаттайтын ұғым.

Іс – әрекеттік тәсіл – социотехникалық жүйелік тәсілді қосып алғандағы детерминисттік тәсілдерге қарсы бағытталған және еңбекке жұмысшы бағыттағы, сонымен қоса жұмыс орнынан тыс қалыптасатын да факторлардың ықпал етуін атап көрсететін индустриалды әлеуметтанудағы тәсіл



Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Дәрістер курсы**
- 2. Ғаламтор желісі**
- 3. www.youtube.com**